

Лекция

Шығыс халықтары мен демография мәселелері

Демография (Demography) грек тілінен аударғанда demos – халық, grapho - жазу, халықтың жағдайы туралы сипаттама деген мағына береді.

«Демография» термині алғаш рет 1855 жылы француз ғалымы А.Гиярдын «Элементы статистики человека» және «Сравнительная демография» еңбектерінде пайда болды. 1882 жылы Женевада «Гигиена және демография» атты халықаралық конгрессінде ресми түрде танылды. 1870 жылдан бастап бұл термин орыс тіліне енді, алғашында халықтың статистикасы сөзінің синонимі ретінде қолданылды, кейін халық туралы мәліметтер дегенді білдірді.

Демография дербес ғылым ретінде адам өміріне ықпал ететін және адам өмірін білдіретін заңдылықтары мен факторларды зерттейді, мысалы: туу, өлім, неке, неке бұзу.

Демографиялық саясат әлеуметтік саясаттың бір бөлігі болып келген. Ол халық дамуының өзгерістерінің уақыты мен құрылымының интенсивтілігін механизмдер арқылы әлеуметтік-экономикалық процесстерді қалыптастырады. Кез-келген әлеуметтік іс-шаралар демографиялық үрдістерге тікелей әсер етпесе де, халықтың демографиялық мінез-құлқына әсер етеді.

Демографиялық саясаттың мақсаты – демографиялық үрдістерді басқару, қоғамның әлеуметтік-экономикалық үрдістерге әсер ету.

Демографиялық саясатқа әсер ететін үш топ іс-шаралар:

Экономикалық:

- 1) балаларға беретін жәрдем ақылар
- 2) тұрмыс деңгейі төмен отбасыларға көмек көрсету
- 3) пәтер алғанда, жеңілдіктер жасау
- 4) бала-бақша санын ұлғайту
- 5) көп балалы отбасыларға жалақыны көтеру

Әкімшілік-құқық іс-шаралар:

- 1) ажырасу кезінде ана мен балалардың жекеменшік құқығын заңдастыру
- 2) жүкті әйелдерді жұмысқа қабылдауда және жұмыстан шығаруда жеңілдіктер жасау
- 3) зейнет ақы бергенде жеңілдіктер

Тәрбиелік іс-шаралар:

- 1) ана мен әке болудың маңызын насихаттау

2) халықтың салт-дәстүріне, құндылықтарына бейімделу, отбасында тәрбиелеуде дін құндылықтарын пайдалану.

Демографиялық саясат XX ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Бір жағынан кейбір аймақтарда демографиялық жарылыс басталып, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тудырды, ал екінші жағынан депопуляция және халықтың қартаюы, демографиялық кризиске алып келді.

Қазіргі кезде әлемдік демографияның өзіндік ерекшеліктері бар:

- Дамыған елдер арасындағы демографиялық кризис халық санының өсуіне, қартаюына және де халық санының азаюына әкелді
- Азия, Африка және де Латын Америка елдеріндегі халық санының тез өсуі
- Үшінші әлем елдерінде дамыған елдерге қарағанда 3 есе көп адам тұрады
- Қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай сақталуда
- Экологиялық мәселелер көбеюде (қоршаған ортаның ластануы, ормандардың жойылуы)

Ғалымдар айтуы бойынша, 60 жылы болған демографиялық жарылыс тоқталып, енді екінші типтегі барлық елдерде халықтың туу саны азаюда. Ақтуалды демографиялық мәселелерді шешу үшін әлемдік демографиялық саясат экономикалық және әлеуметтік жағдайды жақсартуы тиіс. Қазіргі санақ бойынша, халықтың саны өсуі үшін минималды түрде бір әйел адамда үш баладан болу керек.

Дамыған елдерде ғылыми-техникалық үрдіс жұмыссыздықтардың көбеюіне әкеле отырып, халықтың туу санын азайтуға алып келді.

Халықтың санының өсуі туралы бәсекелер ежелден-ақ болған. Платон «халықтың санының өсуі ешқашан қолайлы болмаған, халықтың санының өсуі адамдарды басқа елдерге көшуіне мәжбүр етеді»деп айтып кеткен. Біздің кезімізде бұл бәсеке әлі де жалғасуда. 1968 жылы «Бомба народонаселения» атты кітабын жазған Пол Эрлих былай деген: «халық санының өсуі ең үлкен қауіп, егер де бұл тенденция өзгермесе, әлем халқы өзін-өзі іштей жарады», ал оның оппоненті Дж.Саймонның ойынша, неғұрлым көп адам болса, соғұрлым талантты адамдар көп болады, соғұрлым адам мәселесін шешетін мүмкіндіктер туады деп айтқан.

1946 жылдан бастап, 1960 жылдың ортасына дейін БҰҰ халық саны саласындағы халықтың статистикасы және санағы жөніндегі мәселелерді қарастырған. БҰҰ көптеген дамыған елдерде халық

санағын жүргізді. 1970-1980 жылы экономикалық және әлеуметтік саясат және экология саласымен байланысты демографиялық факторлар мәселесін қарастырған. Осы демография мәселесін шешу мақсатымен БҰҰ «халық саны саласындағы әлемдік жоспарын» жүргізді. Әсіресе отбасын жоспарлау мәселесіне көңіл бөлінді.

Қытай мемлекеті. Қытай халық республикасы - әлемдегі және Азиядағы халқы көп елдерінің бірі. ҚХР құрылғаннан кейін жаппай халық санағы жүргізіле бастады. 1953 жылы халық саны 582,6 млн. (Тайванды қоспағанда), 1964 жылы халық санағы бойынша 698,6 млн. адам болды. 1982 жылы 1008,2 бірінші рет 1 миллиард адамнан асты. Яғни ҚХР халқы 1949-1990 жылдар ішінде 618 миллионға өсті.

Көптеген ғасырлар бойы қытай отбасы көпбалалы болды. Егер отбасында ұл балалар туылып, кейін үйленіп әйедерін үйге әкелсе, яғни қосымша жұмысшылар алып келсе, бақытты отбасы деп есептелінді. Өйткені ұл балалар ата-аналары қарттайған кезде, оларды асырап, оларға тыныш өмір сүрулерін қамтамасыз етті. Ал қыз бала күйеуіне кетіп, ата-аналарына тірек бола алмайды.

Алғашқы он жылда мемлекет жүргізген демографиялық саясат халық санының тез өсуіне үлесін қосты. «Неғұрлым көп жұмысшы қолдар болса, соғұрлым өндіріс те, қор да өседі» деген лозунг іс жүзінде болды. Мемлекеттік жоспарында біріншіден жалпы өндіріс көрсеткіштері маңызды болып, тіпті халықтың өсу қарқынына мүлдем мән бермеген. Көп халық саны еңбек ресурстарының үлкен потенциалы болып, және де әлеумет-экономикасының тез қарқынмен дамуына алып келеді деп саналған.

Тек 70-жылдары қытай басшылары қатаң әлеуметтік және экономикалық шаралар қолдануға мәжбүр болды. Өйткені сол жылдары халық саны 700 миллионнан 800 миллионға өсті. Қытайда демографиялық шектеу бағдарламасы «бір отбасы-бір бала» деген Дэн Сяопиннің принципі бойынша жүргізілді. Бұл принцип қытайдың конституциясының 49 бабында айтылады.

Осы принципті ұстанбаған отбасыларға жазалау шаралары шығарылған: олар штраф төлейді, оған қоса айлығынан ақша ұстап қалады, олар үйді соңынан алады, екінші, үшінші балаларын бала-бақшаға алмайды, кейде тіпті мектепке, жоғарғы оқу орнына да қабылдамайды, ата-аналары жұмысынан айырылып қалуы да мүмкін. Ал «бір отбасы-бір бала» принципін ұстанған жұбайлар керісінше, айлығына қосымша ақша алады, әр ай сайын жәрдем ақша, тегін

медициналық қызмет, баланы бала-бақшаға орналастыруына, мектепке, жоғары оқу орнына түсуіне арналған жеңілдіктер беріледі.

Туу санын азайту үшін аборт жасауға, еркектер мен әйелдердің ұрықсыздануына жол берді. Ауылдық жерлердегі халыққа мұндай принципке көшу қиынға соқты. Олар көбінесе ұл балалардың туылғанын қалағандықтан, жаңа туылған қыз балаларды өлтіруі көбейіп кетті. Психологиялық көзқарас бойынша, бір бала болған дұрыс емес, өйткені ата-аналар жалғыз балаларына бірдеңе болып қалады ма деп жиі уайымдайды.

Қытайда 1954-1957 жылы жаңа туылған балалардың саны жыл сайын 20 млн. асты. Ал 1981 жылы принциптің іс жүзінде он жыл болғаннан кейін, бір жылда жаңа туылған балалардың саны 20,7 млн. болды. 1996 жылы Қытайда жыл сайын 20 млн. адам еңбекке жарамды жасқа жетті.

Қытайда ұзақ уақыт адамдарды жұмысқа орналастыру мәселесі маңызды мәселелердің бірі болды.

Қытайда тағы бір маңызды мәселердің бірі - білім дәрежесінің төмендігі. 1990 жылғы санақ бойынша әйелдердің 70% сауатсыз, халықтың 47% тек бастауыш білімі бар. 170 млн. адамның орта білімі бар, халықтың тек 0,6 % ғана жоғары білімі бар. Білімді адамдардың аз болуы кейінгі экономика және қоғамның дамуына ықпал етеді. Неғұрлым білімнің дәрежесі төмен болса, соғұрлым елдің ұлттық кірісі де аз болады. Сондықтан халықтың білім дәрежесі маңызды фактор болып саналады. Халық санының тез өсуінің материалды қаражат жинауға және де білім беру жүйесіне қаржы бөлуіне кедергісін тигізді. 1965 жылы Қытайдағы бастауыш мектепте оқитын баланың орта шығыны жылына 19,96 юань болса, 1978 жылы халық санының күрт өсуіне байланысты 12,61 юаньға төмендеді.

Демографиялық мәселерінің күшеюінен халықтың азық-түлікпен және кеңінен қолданылатын тауарлармен қамтамасыз етуі нашарлады.

Халықтың «қартаю» мәселесі, сонымен қатар «отбасын жоспарлау» саясаты ҚХР демографиясына ықпалын тигізді: жас құрылымында өзгерістер болып жатты. Қарттар саны мен жұмысқа жарамды халықтың саны көбеюде. Халықтың күрт қарттаюы алдағы 40 жылда күтіліп тұр. 1996 жылдың соңында Қытайда халықтың 10% 60 жастағы және одан үлкен жастағыларды құрайды. БҰҰ-ның бақылауы бойынша, егер елде 60 жастағы және одан үлкен жастағы адамдардың саны халықтың 10% құраса, онда бұл ел «қарт халықты ел» деп аталады. Қытай осылайша осындай елдердің құрамына кіреді. 40 жыл

ішінде қарт қытайлардың саны 5% көбейді. 2035 жылы қарт адамдардың саны 27% көбейеді, сөйтіп елде әрбір төртінші адам қарт кісі болады. Қарт кісілердің көбеюімен бірге экономикалық қиындықтары көбейеді. 2000 жылы зейнеткерлердің саны 400 млн. жетті, сөйтіп зейнет ақының шығыны 50 млрд. жетті. Халықтың қартаюы әсіресе өнеркәсіп дамыған қалаларда үлкен мәселе болып тұр.

Мемлекет ҚХР тұрғындарына тыныш, мұқтажсыз қартаюды қамтамасыз етеді. Көптеген провинцияларда, автономды райондарда және қалаларда қарттар үйлері бар. Олар зейнеткерлерді бағып, қоғамнан шеттетпей, әр түрлі қоғамға пайдалы іс-шараларға қосылуына шақырады. Олар бұрын жұмыс істеген жерлерінде жас жұмысшыларға кеңестерін айтып, көмектеседі. «бір отбасы-бір бала» принципі қытай қоғамына көптеген өзімшіл балаларды алып келді. Ағасыз, інісіз, қарындассыз өскен балалар басқа біреумен бөлісіп үйренбеген. Осы мәселе Қытай халықтарын алаңдатады.

Тағы бір мәселе миграция және урбанизациямен байланысты. Халықтың елдің шеңберінде көшіп қонуы қытайлықтардың ойынша, ауылдағы аграрлық реформаның пайда болуына байланысты. Көптеген жер иелері ауылдағы кәсіп орындарына жұмысқа орналасып, кейбіреулері қалаға жұмыс бабымен көшті. Мигранттардың көшуі қалалық өкімет билігіне қиындыққа соқты: қалалық көліктерде, денсаулық сақтау саласында қиындықтар пайда болды. Халықтың көшіп қонуы демографиялық «бір отбасы-бір бала» принципінің жүзеге асырылуын қиындатты. Сонымен қатар, көшіп келген 70% әйелдер «отбасын жоспарлау» деген мемлекеттік саясатты ұстанбай, екі немесе одан да көп баланы дүниеге әкеледі. Жергілікті өкімет билігі жағдайды қадағалау үшін кейбір қатаң шаралар ұстануда. Ауылдан қалаға келгендердің отбасы жағдайын, бала санын көрсететін арнайы «отбасын жоспарлау сертификаты» болуы керек. Мұндай сертификатсыз жұмысқа алмайды.

Миграция соңғы кезде ҚХР-дағы урбанизация үрдісін қиынға соқтырды. Егер 27 жыл ішінде 1949-1976 жылы қала тұрғындарының саны 106 млн. адам болса, реформаның 10 жылында (1976-1986) 278 млн. адамға өсті. Соңғы кезде миллионер қалалардың саны өсуде. Үлкен қалалар күннен күнге энергия, көлік, шикі зат, білім жүйесі, пәтер-үй жетіспеу мәселесімен жиі кездесіп тұрады. Қытайдағы үлкен қалалардың тығыздығы Пекинде 1 шаршы км. 2,1 мың адам, Шанхай 19.9 мыңға жетті.

Экологиялық мәселелердің күшеюі, халық санының өсуі қоршаған ортаға үлкен соққы тигізді. Экологиялық апаттардың бірі-жер эрозиясы. Ормандардың, жайылымның азаюы, пайдалы кендерді табуы экологиялық жүйенің бұзылуына әкелді. Әр жылы 40-60 млрд. юань зарар тартады, ол экономиканың дамуына, әлеуметтік тұрақтылығына ықпалын тигізеді. Қытай мамандарының ойынша, халық санының бақылаусыз өсуі экономиканы жоққа шығарады. Олардың ойынша, экономика және демография саласын қарастыру керек, яғни экономиканы дамытып, халық санын азайту керек. Осы мәселелерді шешу үшін қытай биліктеріне қатаң демографиялық бақылау жүргізу керек. Біріншіден, отбасын жоспарлауды одан әрі толық жетілдіру, «бір отбасы-бір бала» принципі бұзушыларына штрафты көбейту, сонымен қатар қытай мамандарының ойынша, әйел жағдайын жақсарту, жалпы білім деңгейін көтеру. Сонымен қатар, көшіп қонып жүретін халықты қатаң бақылауға алып, ерте неке құруды, ерте бала тууды жою, әсіресе ауылды жерлерде. Білім беру, денсаулық сақтау, пәтер-үймен қамтамасыз ету, әйелдердің қоғамдағы орнын қарастырылса, сонымен қатар, бұл істі тек орталық басшы ғана емес, жергілікті өкімет билігі, қоғам ұйымдары да қолға алса, сол кезде ғана халық саласы жүзеге асады. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер – халық саны мәселесін шешудің негізі болады.

2007 жылы оныншы кезекті саяси алқалар кеңесінде Ye Tian Fang бастаған 29 алқа мүшелері бірлесіп, бір ғана бала тууды тез арада тоқтатып, «біреу аз емес, екеу ең лайық» деген саясатты қалпына келтіруді талап етті. Ye Tian Fang «жалғыз балада аға-інілі, апа-сіңлі болмағандықтан, оның табиғаты қысымға ұшырап, адамзат табиғатының өзгеруіне алып келеді» деп алаңдаушылығын көрсетті.

Қазіргі таңда туу мөлшері өте төмен. Кейбір ғалымдар Қытайдың халық саны күрт төмендеуі мүмкін деп болжау жасауда. Тіпті 300 жылдан кейін 30 млн. азаюы мүмкін деген сөз де бар. Кейбір мамандар туу саясатына еркіндік беру керек деуде. Әрі тууды үгіттеуде. Алайда үкімет басшылары бұл жағдайда босаңсу көрсетер емес, сондықтан әлі де 10 жылдай жоспарлы туу саясаты жалғаса бермек.

Бірақ жоспарлы туу саясатының негізгі мазмұнында ақырындап өзгерістер ене бастаған. 2007 жылы отбасын жоспарлау комитетінің пайымдауынша, Қытайдың әр облысында іс-жүзіндегі саясат біраз кеңге алынған. Хынан провинциясынан басқа аймақтарда ерлі-зайыптылардың екеуі де жалғыз бала болса, екі балалы болуына болады деп бекітті.

Жапон мемлекеті. Қазіргі Жапон мемлекетінің демографиялық мәселелерінің бірі – қарттар ұрпағы. Бірінші себебі-өмір сүру жасының ұзақтығы: 77 жас еркектер, 84 жас әйелдер. Осы көрсеткішпен Жапон мемлекеті дүние жүзінде бірінші орынға ие болды. Медициналық қызметтің жақсаруы және де дәстүрлі тағамдардың (күріш, жеміс-жидек, теңіз тағамдары) пайдалылығының нәтижесінде 65 жастағы және одан да үлкен жастағы адамдардың саны көбеюде.

Демографтардың болжауы бойынша, 2025 жылы халықтың 25% осы жас категориясына жатады, яғни әрбір төртінші адам.

Халықтың тез қартаюы, бала туу санының аз болуымен байланысты. Егер бала туу санының көрсеткіші 4,5 болса, қазір 1,4 азайды. Біріншіден, халықтың қартаюы, туу санын азаюы мынадай зардаптарға алып келеді:

1) зейнеткерлер санының өсуімен бірге жұмысшылар санының азаюы әлеуметтік жүйеге аса ауыр соққы береді. 2025 жылы әрбір төртінші жапондық 65 жаста болса, онда зейнет ақы фондындағы ақшаны 35% немесе тіпті 50% дейін көтеру керек. Ол үшін жұмысшылардың айлығын көтеру керек.

2) зейнеткерлер санының өсуі салықтың көбеюіне әкеледі. Сонымен қатар инвестицияның қосылуын азайтады, оған қоса капиталдың азаюына әкеледі.

3) туу санының азаюы жұмысшылардың жетіспеуіне алып келеді, жапондықтар жұмысшыларды басқа елден алып келуін қаламайды.

4) жеке қор деңгейі төмендейді. Ол жапон экономикасының маңызды факторларының бірі.

60 жылдары жапон отбасыларының 80 % «3 ұрпақ бір үйде» деген Конфуцийдің принципімен өмір сүрген. Яғни, бір үйде ата-анасы-балалары-немерелері тұрған. Қазіргі жапон жастары бөлек тұруды қалайды. Қазіргі кезде Жапон мемлекетінде 44 млн. отбасы бар, 12 млн. 2 адамнан тұрады. 10 млн. жалғыз тұрады. Қазіргі кезде елде қарттарға арналған қарттар үйлер салынған. «Екінші өмір» атты ассоциациясы өте әйгілі. Бұл ассоциацияда қарттар орыс тілін үйренуде. Өйткені орыс тілі ең қиын тілдердің бірі және де орыс тілін үйрену қарт маразмына қарсы профилактикалық жаттығу.

Екінші демографиялық мәселені қарастырсақ, қазіргі жапон қыздарының неке құратын орта жасы 27 жас, кейде неке құрғаннан кейін бала тууға да асықпайды. Олардың басты мақсаты - мансапқа жету.

Сауд Аравиясы. Халық саны 26 411599 адам құрайды, соның ішінде 5 576070 адам басқа ұлтты құрайды (2005 жылдың маусым айының көрсеткіші бойынша). Жас құрамы: 0-14 жасқа дейін 38,8% (еркек- 5 149960/әйелдер- 4 952138), 15-64 жас 59,4% (еркек-934694/әйел-289826), халықтың 50% 20 жасқа дейінгі адамдар құрайды.

Халық санының өсу жылдамдығы 3,5%. Халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы км. – 9 адамнан. Орта өмір ұзақтығы 68жас-еркектер, 71 жас-әйелдер. Туу дәрежесі (1000адамға)-37,6%, өлім дәрежесі (1000адамға)-5,0%. БҰҰ болжауы бойынша, 2025 жылы халық саны 39 960000 өсуі тиіс. Сауд Аравияның халқын көбінесе арабтар құрайды. Сауд арабтары – 74,2%, бедуиндер- 3,9%, парсы шығанағының арабтары-3%. Сонымен қатар аназа, шаммар, авазим, хувейт, хутейм, кахтан сияқты тайпалар сақталған. Бұл елде жүзден астам тайпалар кездеседі.

Шетел жұмысшылары халықтың 22% құрайды. Үндістан, Бағладеш, Индонезия, Пакистан, Филиппин сияқты елдерден келгендер. Халықтың 12% ауыл шаруашылықпен айналысады, 25% өнеркәсіпте, 63% қызмет өрісінде. Соңғы жылдары қызмет өрісіндегі және өнеркәсіппен айналысатын адам саны өсуде. Жұмыссыздар туралы ресми мәлімет мүлдем жоқ.. Алайда 2002 жылдың көрсеткіші бойынша, бейресми мәлімет бойынша, еркектердің 1/3 жұмыссыз, әйелдер тіпті мүлдем жұмыс істемейді. Осыған байланысты 1996 жылдан бастап Сауд Аравиясының саясаты шетел жұмысшыларын жұмысқа алуын шек қоюда.

1960 жлдың басына дейін халықтың көп бөлігін көшпенділер құраған. Экономиканың дамуына байланысты қаладағы халық саны (1970-1980) 23%-80% өсті. Халықтың көп бөлігі қалалар мен оазистерде тұрады.

Оңтүстік-Шығыс Азия. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің көрсеткіші бойынша халықтың туу саны мен халықтың өсу саны өте төмен. Мысалы: Сингапур және Тайланд 1995-2000 жылдарының көрсеткіші бойынша халық саны 1% төмендеді. Мұндай халық санының төмендеуі демографиялық саясаттың және индустриализацияның нәтижесінде болды. Өйткені Сингапурдың басшысы ұзақ уақыт бойы қатаң демографиялық саясат жүргізді. Бұл саясат халықтың туу санын азайтып, екі балалы отбасына көшуіне бағытталған. Әйелдер 26 жасында неке құруына рұқсат беріледі. Нәтижесінде халықтың туу саны мүлдем төмендеді. 80 жылдың екінші жартысында Сингапурдағы саясат енді халықтың туу санын көбейтуге бағытталды. Сондықтан 90

жылдары халық саны 15% өсті. Тайландта әйелдерге 22 жасында тұрмыс құруына рұқсат беріліп, халықтың туу санын азаюына әкеліп соқты.

Ал осы субрегионның қалған жеті елінде халық саны және халықтың туу саны жоғары. Бұл елдерге Лаос, Камбоджа елдері кіреді.

Үндістан. Үндістандағы халық көптігі негізгі мәселе болып табылады. XX ғ. 90 жылдары Үндістанда халық саны өте қарқынды өскен. Осы жылдары жылына 15 млн. 600 мың адам дүниеге келген. Үндістанда халық санын шектеу, Қытаймен салыстырғанда көп жетістіктерге жеткен жоқ. Үндістанда «отбасын жоспарлау» саясатын Дж. Неру 1951 жылы бастайды. Бұл индустар мен мұсылмандардың үлкен наразылығын тудырады. Бұл бағдарламаны оның қызы Индира Ганди жалғастырады, бірақ жетістікке жете алмайды.

70 жылдың ортасында «отбасылық игілік» деп аталды. Оның негізгі мақсаты үгіт, насихат және ағарту болды. 80 жылы Үндістанның үкіметі демографияға байланысты жаңа бағдарлама қабылдады. Ол бойынша отбасыдан 4,4-тен 2,2-ке қысқартуды талап етті. Әйелдерге 18 жаста (50 жылдары 15 жасында), ер кісілерге 23 жасында тұрмыс құруға рұқсат берілді.

1996 жылы Үндістанның халық саны 946,6 млн. адам болды. Ал Қытай елінің халық саны 1217,6 млн. болды. Демографтардың болжамы бойынша, бұл екі ел орындарымен ауысуы мүмкін, өйткені, бүгін 10 қытай әйеліне 18 баладан келсе, 10 үнді әйеліне 34 баладан келеді.

Карл Хауб және Машико Янагшита сияқты американдық демографтардың зерттеуі бойынша, Үндістан және Қытайдың бүгінгі халықтың өсу тенденциясымен 2025 жылы олар өз-өзін асырай алалмай қалуы мүмкін.

Қазіргі кезде дүние жүзінде 6 млрд. астам халық бар. XX ғасырдың басында 1 млрд. асты. Жыл сайын әлемде халық саны 80 млн-ға өседі, 1804 жылы халық саны 1млрд. болса, 2 млрд. қосылуына 123жыл, 3млрд. 33 жыл болса, 4млрд. 14жыл, 5млрд. қосылуына 13 жыл керек болды.

Планета санының өсуін 1950-1988 жылдары Азия елдері қамтамасыз етті.

Халық санының өсуі табиғи ресурстар үшін күрес, азық-түліктің жетіспеушілігіне, экологиялық мәселелерге, судың, ауаның ластануына, жұмыссыздық, халықтың тығыздығы, ішкі этникалық қақтығыстар мәселелеріне алып келеді.

Өнеркәсібі дамыған мемлекеттерде халық өсімі төмендеген немесе тоқтаған деп айтуға болады. Бұл негізінен Батыс Европа мемлекеттері, Шығыс елдеріндегі Жапония мемлекеті.

2050 жылдарына қарай Италия, Жапония, Ресей халықтары қысқарады, Англия деңгейі қазіргі деңгейде қалады, Ал Азия және Африка елдерінде халық саны өседі.

БҰҰ-ның есебі бойынша 2050 жылға қарай планетаның әр бесінші тұрғынның жасы 65-тен асады. Ал 85-тен асқандар саны 6 есе өседі. Осы кезеңге қарай Жапония, Германия, Италия мемлекеттегі әр адамдар саны 40% өсуі мүмкін.

Қазіргі уақытта халық санының өсуі дамушы мемлекеттер есебінен жүріп отыр. Мысалы: Томас Малькос болжауы бойынша халық, демографиялық жарылыс планетадағы көптеген қиындықтарды алып келеді.

Демографтар халықтың үш түрлі динамикасын көрсетеді:

- Туу санының көптігі, өлімнің көптігі (әсіресе кішкентай балалардың). Мұндай түр Гвинея, Орталық Африкада кездеседі.
- Туу санының көптігі, өлім санының аздығы. Мұндай түрге Азия, Африка және Латын Америка жатады.
- Туу санының аздығы, өлім санының аздығы. Жапон мемлекеті жатқызуға болады.

Халық санының өсуі экологиялық мәселелерді тудырады.

- Орман мәселесі (тропикалық ормандардың жойылуы) Үндістанда ормандардың жойылуы басқа елдерге қарағанда 5 есе артық. Бұл ормандарды олар отын ретінде пайдаланады.
- Топырақ және жер мәселесі. Жердің көлемі 20% азайды. Үндістанда жердің 50% жер эрозиясына ұшыраған.
- Су мәселесі. Тұщы су дүние жүзіндегі барлық судың тек 3% ғана құрайды. Судың 80% пайдаланылған.